

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРЫН ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАРЫ

СОЦИАЛЬНЫЕ ФАКТОРЫ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

SOCIAL FACTORS OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF RURAL AREAS
OF PAVLODAR REGION

А.Р. СОЛТАНҒАЗИНОВ*

PhD докторы, қауымдастырылған профессор

М.А. АМИРОВА

PhD докторы

А.С. КАДЫРОВА

э.ғ.к., доцент

Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар, Қазақстан

e-mail: aibek.soltangazinov@yandex.ru

А.Р. СОЛТАНҒАЗИНОВ

доктор PhD, ассоциированный профессор

М.А. АМИРОВА

доктор PhD

А.С. КАДЫРОВА

к.э.н., доцент

Инновационный Евразийский университет, Павлодар, Казахстан

A.R. SOLTANGAZINOV

PhD, Associated professor

M.A. AMIROVA

PhD

A.S. KADYROVA

C. E.Sc., Associated Professor

Innovative University of Eurasia, Pavlodar, Kazakhstan

Аңдатпа. Ауыл халқының өмір сүру деңгейі мен өмір сапасының көрсеткіштерін кешенді талдау және синтездеу негізінде болып жатқан жүйелік процестер мен құбылыстарға баға берілген. Ауылдық аумақтарды әлеуметтік дамытудың тежеуші факторы болып табылатын проблемалар анықталған. Бір жағынан урбанизациялауға, екінші жағынан - кіріс деңгейіне байланысты ауылдық жерлердегі халық санының төмендеу үрдісі белгіленген. Мәселен, орташа айлық жалақы экономиканың салалық құрылымында төмендердің бірі болып табылады. 2013-2017 жж. кезеңінде Павлодар облысы ауыл халқының еңбек нарығының индикаторларын зерделеу ауыл тұрғындары табыстарының бастапқы деңгейінің төмендігі аясында өзін – өзі жұмыспен қамтығандар санының 64,4 мың адамнан (2013 ж.) 39,7 мың адамға (2017 ж.) дейін төмендегенін көрсетеді. Аграрлық саладағы еңбек нарығының өзекті мәселелері, атап айтқанда қызметкерлердің біліктілігі мен деңгейінің жұмыс берушілердің талаптары мен болжамдарына сәйкес келмеуі қарастырылған. Өнімді жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде оларды шешу жолдары ұсынылған. Кадрлық қамтамасыз ету мәселелері белгіленген. Ауылда кадрларды бекіту жүйесін жетілдіру бағыттары; ауылдық аумақтардың өндірістік, демографиялық және еңбек әлеуетін тиімді пайдалану ұсынылған. Осыған байланысты, олардың әлеуметтік механизмін одан әрі тиімді дамыту талап етіледі.

Аннотация. На основе комплексного анализа и синтеза показателей уровня и качества жизни сельского населения дана оценка происходящих системных процессов и явлений. Выявлены проблемы, являющиеся сдерживающим фактором социального развития сельских территорий. Установлена тенденция снижения численности населения сельской местности, связанная, с одной стороны с урбанизацией, с другой, - с уровнем доходов. Так, среднемесячная заработная плата является одной из низких в отраслевой структуре экономики. Изучение ин-

пен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған Бағдарламасының шаралары шеңберінде жас мамандарды мемлекеттік қолдауының іске асырылатын шаралары тиімді екенін куәландырады. Бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі – біліктілік деңгейі мен жұмыс беруші қоятын талаптар деңгейінің сәйкес келмеуі. Өндіріс ауқымын кеңейту үрдісі білікті жұмыс күшіне деген сұранысты арттыруға әкеп соғады. Тәжірибе көрсеткендей, жұмыссыздардың біліктілік деңгейі жұмыс берушілердің қойылатын талаптарына әрдайым сәйкес келе бермейді. Кәсіптік білім жүйесін жетілдірудің төмен қарқыны маманданған еңбек ресурстарына сұраныстың өзгеруін ескеруге мүмкіндік бола қоймайды, яғни өндіріс пен оқыту арасында жеткіліксіз байланыс болады. Осыған байланысты, біздің ойымызша, даярлау, қайта даярлау және кадрлардың біліктілігін арттыруға назар аудару маңызды болып табылады, сондай-ақ білікті, жоғары білікті мамандарға экономика салаларының объективті болжамын жүргізу.

Статистикалық мәліметтер бойынша ауылдық жерде ауруларға арналған төсектермен қамтамасыз ету көрсеткішінің қысқаруы байқалады, ол облыс бойынша тұтастай алғанда осы көрсеткіштің төмендеудің жалпы үрдісімен сәйкес келеді. Бұл факт бастапқы медициналық-әлеуметтік көмекті нығайту мен профилактикалық бағытын күшейтуге бағытталған денсаулық сақтау саласындағы реформаларға негізделген, ол төсек-орын бағдарынан бас тартуды көздейді.

Ауылдық денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызметкерлерінің орын тапшылығы мәселесі орын алған, ол халыққа қызмет көрсету сапасында әсер етеді [6]. Ауылда медициналық ұйымдардың штаттық бірлігін жасақтауда сәйкессіздік ең алдымен медициналық персоналдың зейнеткерлік жасына жеткен, тұрғылықты орнын ауыстырумен байланысты. Тұтастай алғанда, ауылдық жерлерге медициналық кадрлар ағымының оң үрдістері «Дипломмен ауылға» жобасын іске асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, біздің ойымызша қазіргі мәселені тиімді шешу үшін ауылдық денсаулық сақтау объектілерінің кадрларын 100%-ға жасақтауда ауылда кадрларды бекіту жүйесін одан әрі жетілдіру қажет. Сондықтан, кадр әлеуетін қамтамасыз ету мәселесін шешу көбінесе ауылдық аумақтар тартымдылығынан тәуелді. Қазіргі уақытта жас мамандарға тұрғын үй проблемаларын шешу тұрғын үй

салуға немесе сатып алу үшін қарыз беру есебінен жүзеге асырылады, ол экономикалық тұрғыдан алғанда қолайлы, өйткені сатып алу үшін жоғары жайлылығы бар тұрғын үй ғана емес, ал жаңа тұрғын үйді салудың өзіндік құны бірнеше есе мүлктің қайталама нарығында жылжымайтын мүлктің қалып-тасқан нарықтық бағасының орташа көрсеткішінен асады. Осылайша, жас мамандар үшін үй құрылысына жеңілдетілген несие алу реңсіздігі басқа өңірге олардың кәсіби ұтқырлығы жағдайында келешекте баға факторлары бойынша сұраныс жоқтығынан тұрғын үйдің өзіндік құны бойынша іске асыру қиындығымен расталады. Біздің пікірімізше, жас мамандарға экономикалық әлеуеті жоғары елді мекендерде қазіргі заманғы тұрғын үйді салу жергілікті атқарушы органдарымен жүзеге асырылуы тиіс және коммуналдық тұрғын үй қорының және тұрғын үйді әлеуметтік жалға алу институтын дамыту шеңберінде ниет білдірген бейінді мамандарға (шектеусіз жасы бойынша және т.б.) ұсынылуы тиіс. Бұл ынталандыру шаралары ауылға кадрларды тарту ғана емес, сонымен қатар ауылдық жерлерде өскелең жас ұрпақты бекітуді қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда сапалы қызмет көрсетуінде ауыл халқының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қабылданатын шаралардың тиімділігі мектепке дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз етілуімен, мектепке дейінгі ұйымдардың вариативті желісінің артуымен негізделген.

Қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайда ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту мәселесін зерттеу, өмір сүру деңгейін, сапасын көрсететін ауылды дамытудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болатын оның маңызды құрамдас бөлігі әлеуметтік аспектіні мұқият қарауды талап етеді, жалпы бұл процесті есепке алмай мүмкін емес. Мемлекеттің даму деңгейі көбінесе қоғамның әл-ауқаты үшін жағдай қандай дәрежеде жасалады және азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қамтамасыз етуінен тәуелді анықталады. Аталған фактордың бірі, әлеуметтік аспектінің маңыздылығы мен рөлі, ауылдық аумақтарының тұрақты дамуы үздіксіз жоғарылайды, әлеуметтік сипаттағы өзекті мәселелерін шешу бойынша шұғыл шаралар қолданбау, өңірлік саясатты қалыптастыру кезінде халықтың мүдделері мен мақсат-мұраттарын ескермеу мүмкін емес. Сонымен қатар, адами капиталды дамыту үшін қолайлы жағдайлар

қындайды:

– минималді әлеуметтік стандарттарға кепілдік;

– олардың шамадан тыс саралауына жол бермеу мақсатында азаматтардың табысын реттеу бойынша мемлекеттік басқару органдарының іс-әрекеті;

– кадрлардың сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, халықты жұмыспен қамту бойынша мемлекет шаралары;

– әлеуметтік және әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесі;

– денсаулықты сақтауға бағытталған әдістер мен тәсілдер жиынтығы, әлеуметтік инфрақұрылымның маңызды буындарына қол жету жағдайларын жасау, адами капиталды толықтай қалыптастыру мақсатында сапалы білім алуда бірдей мүмкіндіктермен қамтамасыз етуді қосады.

Ауылдық аймақтарды тұрақты дамуын қамтамасыз ету мүмкіндігі – бұл барлық түрлер ресурстар, сондай-ақ ауылдың инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстар, ауыл тұрғындарының өмір сүруі әлеуметтік қамтамасыз етуді көпсалалы кешені өзара байланысты іс-шараларға бірыңғай біріктіруі [9].

Аймақтық саясаттың әлеуметтік құрастырушы басты басылымдылықтарына медициналық қызметтер сапасы мен қолжетімділігі, білім жүйесінің деңгейі, кадрларды дайындау мен қайта дайындау, ауылдық жерлерде мектепке дейін білім мен тәрбиемен балаларды қамту, мәдениет объектілерін, бұқаралық спортты дамыту жатады.

ҚР қазіргі уақытта ауыл қоғамы өмірінің әлеуметтік жағдайларын жақсарту үшін түрлі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, яғни олар ауылдық аймақтардың дамуының мәселелі міндеттер жиынтығын толығымен қамтымайды. Біздің ойымызша, ауылды дамыту мәселесін тиімді кешенді шешу мақсатында бірыңғай мемлекеттік бағдарлама аясында жүйелі қадамдарды қолдана отырып ауылдық аймақ мәселелерін шешу қажет, ауылдың барлық аспектілері мен өзектілікті анық-тайтын, стратегиялық басымдылық, мақсаты мен шаралары, сонымен қатар ұзақ мерзімді болашақта тұрақты дамуын қамтамасыз ететін сол немесе басқа міндеттердің келешегін қарастыру қажет. ҚР ұқсас бағдарламалар моноқала бойынша, елдің нақты жеке аймақтары бойынша қабылданады және іске асады.

Жұмыспен қамтылу аса экономикалық мәселе емес, өйткені бұл категорияның

мағынасы анағұрлым кең, әлеуметтік мағынасы толық. Жұмыспен қамтылу саясаты жеке бас және әлеуметтік ресурстар қағидасымен бірге арақатынас орнатады, атап айтқанда әлеуметтік сала адамның өзін-өзі танытудың маңызды жағдайларының бірі ретінде болады [10].

Қазіргі жағдайда өзекті міндеттердің бірі болып әлеуметтік бағыттылық шарасын өндіру болып табылады, ол тәжірибелік маңыздылығына ие және әлеуметтік саланың тиімді қызмет істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сонымен қатар төмендегі әлеуметтік мәселелерді мақсатты шешу:

■ ауыл тұрғындарының экономикалық теңсіздігінің жоғары деңгейі;

■ сапалы білім беру мен медициналық қызметтерге қол жеткізу;

■ ауыл тұрғындарының белгілі бөлігінің лайықсыз тұрғын-үй жағдайлары.

Тұжырымдар. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Ауылдық жерлердегі әлеуметтік саясаттың басымды бағыттарының бірі халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету бойынша бағдарламаны жүзеге асырудағы жұмыс берушілер мен жеке тұлғалардың белсенді қатысуы үшін ынталандыратын сипаты, құқық нормасын қарастыратын заңнамалық актілерді ары қарай жетілдіру болып табылады.

2. Әлеуметтік қызметтерді көрсету сапасын жоғарылату мақсатында ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс орнату арқылы кеңінен қатыстыру қажет, өйткені бұл бір жағынан азаматтық секторды жандандыру, ал басқа жағынан – ҮЕҰ тиімді және болашақты қызметінің басты факторы ретінде қызметтер сапасының бәсекелестік ортасын жоғарылатады.

3. Ауыл қоғамының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша әлеуметтік қызметтер мен шараларды қабылдауда керек ететін ауылдық тұрғындардың қажеттіліктері мониторингін зерттеу мен жетілдіру негізінде көрсетілетін әлеуметтік қызмет спектрін кеңейту қажет.

4. Әлеуметтік сипаттағы міндеттерді шешуге бағытталған жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тиімді қызметті қамтамасыз ету мақсатында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жоғарылату, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарын әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша бизнес-орта өкілдерімен, қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жандандыру қажет.

5. Ауылдық аймақтардың экономикалық өсуі үшін қолайлы алғышарттар жасау әлеуметтік стратификация – үлесін арттыруды жақсартуға ықпал етеді – табыстың орташа деңгейімен халықтың табысын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Статистикалық экспресс-ақпарат: «Павлодар облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері. Демография» [Электрондық ресурс].- 2018. - URL: http://stat.gov.kz/faces/pavlodar/reg_main (қаралған күні: 30.10.2018).

2 Павлодар облысының демографиялық жылнамалығы // Ақпараттық-талдамалық жұмыс журналы. Павлодар облысының Статистика департаменті, 2018.- 100 б.

3 Павлодар облысы 2017 жылы // Ақпараттық-талдамалық жұмыс журналы. Павлодар облысының Статистика департаменті, 2018.- 230 б.

4 Павлодар облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы // Ақпараттық-талдамалық жұмыс журналы. Павлодар облысының Статистика департаменті, 2018, қаңтар.- 108 б.

5 Статистикалық экспресс-ақпарат: «Ауылдың (селоньң) даму мониторингі» [Электрондық ресурс].- 2018. - URL: <http://stat.gov.kz/faces/oracle/webcenter/sitestructure/render.jspx?datasource> (қаралған күні: 30.10.2018).

6 А.Ж. Нукешева, Г.А. Саймагамбетова, Ш.И.Косымбаева. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту // Проблемы агрорынка. – 2018. - № 3. – Б. 209-215.

7 Ж.С. Булхайрова, А.М. Балкибаева, З.П. Айдынов. Қазақстанның ауыл шаруашылығындығы адам капиталы замануи үрдістер // Проблемы агрорынка. – 2017. - №4. – Б. 180-184.

8 Блинова Т.В., Семенов С.Н., Великий П.П. и др. Российское село в начале XXI века: перспективы модернизации социальной сферы. - Саратов: Саратовский источник, 2014. - 247 с.

9 Н.Н. Ибришев, А.Б. Молдашев, С.Т. Жұмашева, И.С. Таипова. Қазақстан Республикасы ауыл халқының өмір сүру сапасын талдау // Проблемы агрорынка. - 2018.- № 3. – Б. 186-192.

10 Ярская В.Н, Зайцев Д.В. Политика занятости в региональном контексте социально-трудовых отношений.- Саратов: ИД «МарК», 2013. - 201 с.

Әдебиеттер тізімі

1 Statistikalық jekspress-aқпарат: «Pavlodar oblysynuң negizgi әleumettik-jekonomikalық kәretkishteri. Demografija» [Jelektronduқ resurs].- 2018. - URL: http://stat.gov.kz/faces/pavlodar/reg_main (қаралған күні: 30.10.2018).

2 Pavlodar oblysynuң demografialық zhylnamalyғy // Aқparattyқ-taldamalyқ zhұmys zhurnaly. Pavlodar oblysynuң Statistika departamenti, 2018.- 100 b.

3 Pavlodar oblysy 2017 zhyly // Aқparattyқ-taldamalyқ zhұmys zhurnaly. Pavlodar oblysynuң Statistika departamenti, 2018.- 230 b.

4 Pavlodar oblysynuң әleumettik-jekonomikalық damuy // Aқparattyқ-taldamalyқ zhұmys zhurnaly. Pavlodar oblysynuң Statistika departamenti, 2018, қаңtar.- 108 b.

5 Statistikalық jekspress-aқпарат: «Auylduң (selonuң) damu monitoringi» [Jelektronduқ resurs].- 2018. - URL: <http://stat.gov.kz/faces/oracle/webcenter/sitestructure/render.jspx?datasource> (қаралған күні: 30.10.2018).

6 A.Zh. Nukesheva, G.A. Sajmagambetova, Sh.I.Kosymbaeva. Auylduң әleumettik infraқұrylymyn damytu // Problemy agrorynka. – 2018. - № 3. – Б. 209-215.

7 Zh.S. Bulhairova, A.M. Balkibaeva, Z.P. Ajdynov. Қазақstannuң aufl sharuashylyғyndyғy adam kapitaly zamanui үrdister // Problemy agrorynka. – 2017. - № 4. – Б. 180-184.

8 Blinova T.V., Semenov S.N., Velikij P.P. i dr. Rossijskoe selo v nachale XXI veka: perspektivy modernizacii social'noj sfery. - Saratov: Saratovskij istochnik, 2014. - 247 s.

9 N.N. Ibrishiev, A.B. Moldashev, S.T. Zhұmasheva, I.S. Taipova. Қазақstan Respublikasy auyl halkynuң өmir syru sapasyn taldau // Problemy agrorynka. - 2018. - № 3.- B. 186-192.

10 Jarskaja V.N, Zajcev D.V. Politika zanjatosti v regional'nom kontekste social'no-trudovyh otnoshenij.- Saratov: ID «MarK», 2013. - 201 s.